

## "Мемлекеттік монополия туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 349 Қаулысы

Ескерту. Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1255 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік монополия туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Жоба

## "Мемлекеттік монополия туралы"

### Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасында мемлекеттік монополия саласындағы қызметті реттеуге және бақылауға, тұтынушылар, мемлекет және мемлекеттік монополия субъектілері мүдделерінің теңгеріміне жетуге бағытталған, мемлекеттік монополия саласындағы қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) пайдаланатын мемлекеттік монополия субъектілерінің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік монополия - конституциялық құрылысты қорғау, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың денсаулығын сақтау тұрғысынан бәсекелестікті енгізу тиімсіз болатын қызмет саласы;
- 2) Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі - олар республикалық және жергілікті бөлімдерден тұратын қызметтердің түрлері көрсетілген Мемлекеттік монополия субъектілерінің атаулы тізбесі;
- 3) бағалар калькуляциясы - мемлекеттік монополия субъектісі көрсететін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бөлігінде уәкілетті орган бекітетін кірістер мен шығыстар баптары, мемлекеттік монополия субъектілері көрсететін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша мемлекеттік монополия субъектісі қызметінің басқа экономикалық көрсеткіштері;
- 4) мемлекеттік монополия субъектісі - мемлекеттік монополия саласында қызметтер

(тауарлар, жұмыстар) көрсетуге ерекше құқыққа ие мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік кәсіпорын;

5) мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушы - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

6) уәкілетті орган - мемлекеттік монополия саласына жататын қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## **2-бап. Осы Заңның қолданылуы**

1. Осы Заң субъектілердің мемлекеттік монополияға жатқызылған қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға байланысты Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) рыногында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ мемлекеттік монополия субъектілерінің, олардың құрылтайшыларының (басқару органының) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалатын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қолданылады.

2. Осы Заңмен мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыратын рынок субъектісі үшін мемлекеттік реттеу мен бақылау осындай қызметке қ а т ы с т ы ғ а н а қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы Заңда қамтылмаған құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **3-бап. Мемлекеттік монополия туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы**

1. Мемлекеттік монополия туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің , осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен бекітілген осы Заңда қамтылатыннан өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **4-бап. Мемлекеттік монополия саласы**

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік монополия саласына қызметтердің м ы н а д а й т ү р л е р і ж а т а д ы :

1) мемлекеттік орман қоры шекараларын белгілеуге, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды түгендеуге және орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлауға байланысты орман орналастыру;

2) мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзету;

3) аса қауіпті зиянды организмдерді фитосанитарлық мониторингі;

4) мемлекеттік гидрометеорологиялық мониторинг және қоршаған ортаның ж а й - к ү й і н е м о н и т о р и н г жү р г і з у ;

5) жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының диагностикасы, жануарлардың

аса қауіпті ауру ошақтарын жою; тіркеу сынақтары, ветеринарлық препараттарды, жемдер мен жемдік қоспаларды байқаудан өткізу, сондай-ақ ветеринарлық препараттардың серияларын (партияларын) оларды жарнамалау кезінде бақылау; мемлекеттік шекарадағы ветеринарлық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын зарарсыздандыру; ветеринарлық препараттардың республикалық қорын сақтау;

6) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, тауарлардың шыққан орындарының атауын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызметтер;

7) тұлғаны куәландыратын Қазақстан Республикасының құжаттарын жасау;

8) оларға жүргізушілерді, автотөлемдер құралдарын және тіркемелерді жол қозғалысына қатысуға рұқсат ету үшін қолданылатын арнаулы бланктік өнімдерді ж а с а у ;

9) жекелеген тауарларды әкету және (немесе) әкелу;

10) дәрі-дәрмектік құралдарды мемлекеттік тіркеу кезіндегі сараптамалық ж ұ м ы с т а р ;

11) қан мен оның компоненттерін дайындау, консервациялау, сақтау және сату;

12) ұлттық бірыңғай тестілеуді, білім беру ұйымдарда аралық мемлекеттік бақылау және білім беру ұйымдарға аттестаттау жүргізген кезде кешенді тестілеуді жүргізу т е х н о л о г и я с ы ;

13) мемлекеттік сатып алу процесін қамтамасыз ету үшін құрылатын ақпараттық жүйелер саласындағы шаруашылық жүргізуді жүзеге асыру.

2. Әкетуге және (немесе) әкелуге жататын және оларға қатысты мемлекеттік монополия енгізілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Қызмет түрлері мемлекеттік монополия саласына тек қана осы Заңға енгізілгеннен кейін жатқызылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік монополия субъектілері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізуге және одан шығаруға ж а т а д ы .

5. Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және одан шығару т ә р т і б і :

1) Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізуге және одан шығаруға негіздемелерді;

2) Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық және (немесе) жергілікті бөлімдерін қалыптастыру тәртібін;

3) Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық және (немесе) жергілікті бөлімдеріне енгізу немесе олардан шығару үшін қажетті құжаттардың (ақпараттың) тізбесін қамтуға тиіс.

## **5-бап. Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу**

1. Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу:

- 1) мемлекеттік монополия субъектісі көрсететін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) бағаларды (бағалар прейскурантын) бекітумен;
- 2) бағалар калькуляциясын бекітумен;
- 3) шығындарды қалыптастырудың тәртібін бекітумен;
- 4) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша шығындарды, табыстар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібін бекітумен;
- 5) мемлекеттік монополия субъектілеріне біліктілік талаптарды белгілеумен жүзеге асырылады.

2. Шығындарды қалыптастыру тәртібі:

- 1) бағаға (бағалар прейскурантына) енгізілетін шығындарды реттеуді;
- 2) мемлекеттік монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нормативтердің шегінде шығыс баптарын шектеуді;
- 3) бағаны (бағалар прейскурантын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстардың тізбесін белгілеуді;
- 4) бағаға (бағалар прейскурантына) енгізілетін табыстарды шектеуді;
- 5) негізгі құралдардың тозуын есептеуге қолданылатын әдістерді келісуді;
- 6) негізгі құралдарды қайта бағалауды және мемлекеттік монополия субъектісінің бағалар калькуляциясында көзделетін амортизациялық аударымдардың қаражаттарын пайдалану бағыттарын келісуді қамтуға тиіс.

3. Мемлекеттік монополия субъектілеріне біліктілік талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **6-бап. Уәкілетті органның функциялары**

Уәкілетті орган мынадай функцияларды атқарады:

- 1) мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметіне мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастырады және жүргізеді;
- 3) осы Заң талаптарының сақталуына және оны бұрмалаушылықтарын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады;
- 4) мемлекеттік монополия саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;
- 5) мемлекеттік монополия саласында бағалар (бағалар прейскуранттарын) белгілеудің әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;
- 6) осы Заңмен рұқсат етілген мемлекеттік монополия саласына жатпайтын қызметті мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыруға уәкілетті органмен келісу тәртібін

б е к і т е д і ;

7) шығындарды қалыптастыру тәртібін бекітеді;

8) мемлекеттік монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыру мен өзге мәмілелер жасауға уәкілетті органмен келісу тәртібін бекітеді;

9) бағалардың (бағалар преЙскуранттарының) жобаларын бекітуге арналған өтінімді қ а р а й д ы ;

10) өтініммен бірге ұсынылған негіздеуші құжаттар мен есеп айырысуларды талдаудың негізінде бағалардың (бағалар преЙскуранттарының) жобаларына сараптама ж ү р г і з е д і ;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасын қолданудың практикасын қорытады, осының негізінде әдістемелік ұсынымдар жасайды .

### **7-бап. Уәкілетті органның құқықтары**

У ә к і л е т т і                    о р г а н :

1) бағаға (бағалар преЙскурантына) енгізілетін шығындар өзгертілген жағдайда мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтеріне бағаларды (бағалар преЙскурантын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

2) мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағаларды (бағалар преЙскурантын) қолданылу мерзімдерін кем дегенде тоқсанға б е л г і л е у г е ;

3) мемлекеттік монополия саласында қызметті жүзеге асыратын субъектілерді мемлекеттік монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне кіргізу туралы не одан шығару туралы шешімдер қабылдауға;

4) осы Заңды бұзу жағдайларында жолсыздықтарды тыю мен олардың салдарларын жою туралы орындауға міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларынан өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты с ұ р а т у ғ а                    ж ә н е                    а л у ғ а ;

6) мемлекеттік монополия субъектісі тиісті сауалды алған күнінен бастап кемінде бес күн мерзімде ұсынылуға тиісті бағаны (бағалар преЙскурантын) өзгертудің себептері туралы қосымша ақпарат сұратуға;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасының саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерін қарауға;

8) осы Заң бұзылған жағдайда, сотқа жүгінуге құқылы.

### **8-бап. Уәкілетті органның міндеттері**

## Уәкілетті орган:

1) жеке және заңды тұлғалардың, оның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша өтініштерін қарауға және қабылданған шешімдер туралы өтініш берушілерге хабарлауға;

2) коммерциялық, банктік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын алынатын мәліметтердің, сондай-ақ жүктелген міндеттерді атқару кезінде алынған басқа ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) тұтынушыларды мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтерін реттеу мәселелері бойынша, коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитындарды қоспағанда, қабылданған шешімдермен таныстыруға;

4) бағалардың (бағалар преysкурантының) жобаларын бекітуге арналған өтінімді ол түскен күннен бастап отыз күннің ішінде қарауға және мемлекеттік монополия субъектісін қабылданған шешім туралы хабардар етуге міндетті.

### **9-бап. Мемлекеттік монополия субъектісінің құқықтары**

Мемлекеттік монополия субъектісі:

1) уәкілетті орган шешімдер қабылдаған кезде өзінің қызметі мен құқықтық мәртебесі мәселелерін қозғайтын ұсыныс енгізуге;

2) уәкілетті органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағымдануға;

3) басқа субъектілердің өз қызметіне, табыстарына, меншігіне және құқықтық мәртебесіне әсер ететін әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

### **10-бап. Мемлекеттік монополия субъектілерінің міндеттері**

Мемлекеттік монополия субъектісі:

1) уәкілетті органның шешімдерін орындауға;

2) көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган бекіткен бағаларды (бағалар преysкурантын) ескере отырып, олардың құзыреті шегінде мемлекеттік органдар белгілеген көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескерілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан басқа жағдайларда, қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайлармен ұсынуға;

4) уәкілетті органның талабы бойынша ол белгіленген мерзімде, бірақ үш күннен кем болмайтын, қажетті ақпарат ұсынуға;

5) шығындарды, табыстар мен қолданысқа енгізілген активтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі

бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізуге;

б) мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағаларды (бағалар прейскурантын) және бағалар калькуляциясын бекіту кезінде шығындары ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сатып алуды жүзеге асыруға;

7) көрсетіліп отырған қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) шарттар жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге міндетті.

### **11-бап. Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметін шектеу**

Мемлекеттік монополия субъектісіне:

1) мемлекеттік монополия саласына жатпайтын қызметтен табыстар мемлекеттік монополия субъектісінің бір күнтізбелік жыл ішіндегі барлық қызметінен бес пайыздан аспаған жағдайда көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызметті қоспағанда мемлекеттік монополия саласына жатпайтын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға;

2) мемлекеттік монополия саласында қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынумен, сондай-ақ мемлекеттік монополия субъектісі үшін осы Заңмен рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жекеменшік, шаруашылық жүргізу және (немесе) жедел басқару құқығында мүлікке иеленуге;

3) акцияларды (үлестерді) иеленуге немесе өзге де ұйымдардың қызметіне өзгедей түрмен қатысуға;

4) уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін, осы баптың 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, ақы алуға;

5) ұсынылып отырған қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап құқығын, егер бұл мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне бағаларды (бағалар прейскурантын) арттыруға алып келсе, үшінші тұлғаларға беруге;

б) мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтері тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауға;

7) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бағаларына оларды ұсынуға байланысы жоқ шығындар енгізуге тыйым салынады.

### **12-бап. Мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушының құқықтары**

Мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынуды:

1) мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын)

уәкілетті орган бекіткен бағалар (бағалар преysкуранттары) бойынша сатып алуға;

2) шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңа шешімдер қабылдау немесе қолданыстағы шешімдердің күшін жою туралы уәкілетті органға өтініштермен жүгінуге;

3) уәкілетті органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ ол қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

4) уәкілетті органға және (немесе) сот тәртібімен мемлекеттік монополия субъектісінің әрекеттеріне шағымдануға;

5) жаңа бағалар (бағалар преysкуранттарының) жария тындауларына қатысуға құқылы.

### **13-бап. Бағаларды (бағалар преysкурантын) бекіту тәртібі**

1. Мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағалар (бағалар преysкурантын) бекітуді уәкілетті орган тоқсанына бір реттен жиі емес жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағалар (бағалар преysкуранттары) мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға қажетті шығындар құнынан төмен болмауға және оны дамытуға қажетті табыстар ескерілуге тиіс.

Уәкілетті орган мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағаларды (бағалар преysкуранттарын) бекіту кезінде шығындарды қалыптастыру тәртібін қолданады.

3. Қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) бекітілген бағалар (бағалар преysкуранттары) осы баптың 6-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, келесі күнтізбелік тоқсанның бірінші күнінен бастап енгізіледі.

4. Қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жаңа түрлеріне бағалар (бағалар преysкурантын) бекіту, қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қолданыстағы бағаларды (бағалар преysкурантын) өзгерту, сондай-ақ бағалардың (бағалар преysкурантының) белгіленген қолданылу мерзімі аяқталған кезінде мемлекеттік монополия субъектісі олар қолданысқа енгізілгенге дейін қырық бес күннен кешіктірмей бағаларды (бағалар преysкурантын) бекітуге арналған өтініммен уәкілетті органға жүгінеді.

Өтінімге уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес бағалар калькуляциясының жобасы, нормативтік, есеп айырысу және басқа материалдар қоса беріледі.

Баға (бағалар преysкуранты) және бағалар калькуляциясы уәкілетті органның бастамасы бойынша қайта қаралған жағдайда мемлекеттік монополия субъектісі бір ай мерзімде жаңа бағаны (бағалар преysкурантын) бекіту үшін өтінім берген кездегі көлемдегідей экономикалық негізделген есеп айырысу мен өзге ақпарат ұсынуға міндетті.



Шығындар төмендеген жағдайда мемлекеттік монополия субъектісі осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен бағаларды (баға преysкурантын) төмендетуге арналған өтініммен шығуға міндетті.

5. Уәкілетті орган жаңа бағалардың (бағалар преysкуранттарының) жобаларына жария тыңдауларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өткізеді.

Бұл ретте уәкілетті орган мемлекеттік монополия субъектісіне жария тыңдауларды тағайындау мен оларды өткізу күні туралы хабарлауға міндетті.

Жария тыңдаулар жаңа бағалар (бағалар преysкуранттары) енгізілгенге дейін жиырма бес күннен кешіктірмей өткізіледі.

Жария тыңдауларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

6. Мемлекеттік монополия субъектісі қызметтерді тұтынушыларды Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын баспасөз басылымдары арқылы бағалардың (бағалар преysкуранттарының) алда тұрған өзгерісі туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін он күн бұрын хабардар етуге міндетті.

Тұтынушылар жаңа бағаларды (бағалар преysкуранттарын) енгізу туралы хабардар етілмеген немесе уақтылы хабардар етілмеген жағдайда, бекітілген бағалар (бағалар преysкуранттары) келесі күнтізбелік тоқсанның екінші айының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Бұл талап мемлекеттік монополия субъектісін осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген міндеттен босатпайды.

Тұтынушылар жаңа бағаларды (бағалар преysкуранттарын) енгізу туралы қайталап хабардар етілмеген немесе уақтылы хабардар етілмеген жағдайда, уәкілетті орган осындай бағалар (бағалар преysкуранттары) туралы шешімнің күшін жояды.

7. Жаңадан құрылған мемлекеттік монополия субъектілері үшін бағалар (бағалар преysкуранттары) уәкілетті орган айқындаған күннен бастап енгізілуі мүмкін.

#### **14-бап. Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтерін мемлекеттік бақылау**

1. Мемлекеттік монополия субъектілерінің осы Заңда белгіленген міндеттерді орындау және мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауды болдырмау мақсатында уәкілетті орган:

1) мемлекеттік монополия субъектісінің уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылуына, қайта ұйымдастырылуы мен таратылуына;

2) мемлекеттік монополия субъектілерінің осы Заңның 11-бабында көзделген талаптарды орындауына бақылауды жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жасау үшін мемлекеттік монополия субъектісі уәкілетті органға осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтініш ұсынуға және шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсынуға м і н д е т т і .

Уәкілетті орган өтініш беру үшін құжаттардың тізбесін, оларды ұсыну және қарау тәртібін айқындайды.

3. Уәкілетті орган өтінішті алған күнінен бастап отыз күннен кешіктірмей оны қарайды және өтініш берушіге қабылдаған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

Егер шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда уәкілетті орган оны өтініш берушіден сұратуға және өтініштің қарау мерзімін осындай сұрау салу өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарламамен бірге өтінішті алған күнінен бастап он бес күннен кешіктірмей өтініш берушіге жолдаған жағдайда отыз күнге ұзартуға құқылы.

4. Өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға өтініш беруші сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

5. Мемлекеттік монополия субъектісін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, сондай-ақ оның қызметінің тоқтатылуын тіркеу уәкілетті органның алдын ала келісімімен ғана жүзеге асырылады.

#### **15-бап. Осы Заңды бұзушылық салдарлары**

Осы Заңды бұзған жағдайда мемлекеттік монополия субъектілері, олардың басшылары:

- 1) Осы заң бұзушылықтарына тоқтатуға және оның салдарларын жоюға;
- 2) бастапқы жағдайды қалпына келтіруге немесе нұсқамада көрсетілген өзге де әрекеттер жасауға;
- 3) келтірілген залалдың және (немесе) тікелей зияндардың орнын толтыру үшін шаралар қолдануға міндетті.

#### **16-бап. Уәкілетті органның нұсқамалары**

1. Уәкілетті органның нұсқамаларын мемлекеттік монополиялар субъектілері, мемлекеттік органдар, олардың басшылары шешімдерде (нұсқамаларда) көзделген мерзімде, бірақ оларды алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей орындайды.

2. Мемлекеттік органдар осы Заңды бұзып қабылданған кесімдерді алып тастау туралы немесе өзгерту туралы не бастапқы жағдайды қалпына келтіру туралы нұсқамаларды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы кесімдерді (толық немесе ішінара) жарамсыз деп тану туралы және (немесе) бастапқы жағдайды қалпына келтіруге еріксіз көндіру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі нұсқамаларды орындамаған жағдайда уәкілетті орган сотқа мемлекеттік монополия субъектісін тиісті нұсқамада көрсетілген әрекеттерді жасауға еріксіз көндіру туралы талап-арыз беруге құқылы.

#### **17-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Осы заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

#### **18-бап. Өтпелі және қорытынды ережелер**

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мемлекеттік монополия саласына осы Заңмен жатқызылған қызметті жүзеге асырған мемлекеттік монополия субъектісі осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі айдың ішінде өзін мемлекеттік монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы өтініммен уәкілетті органға жүгінуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік монополиялар субъектілері осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты айдың ішінде қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) бағалар (бағалар прејскурантын) бекіту туралы өтініммен уәкілетті органға жүгінуге міндетті.

3. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*